

УДК 617.3

## ОРТОПЕДИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ТРАВМАТОЛОГИЯЛЫҚ ОТАЛАРДАН КЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕГІ ЭПИДУРАЛЬДІ АНАЛГЕЗИЯ

Ұ. М. РЫСБЕКОВ

Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің клиника-диагностика орталығы, Түркістан қаласы

**О**тадан кейінгі кезеңде ауырсынуды болдырмау мақсатында жаңадан қолданысқа енгізілген жергілікті анестетиктер мен опиоидтарды ұзартылған эпидуральді анальгезияда (ҰЭА) қолдану, ауырсыну деңгейін төмендетіп, хирургиялық әрекеттен туындайтын стресті – жауапты басады.

**Зерттеудің мақсаты:** Жамбас буыны, тізе буындарының тотальді протезделуі отасында ҰЭА – да бупивакаин және наропин препараттарының отадан кейінгі кезеңдегі ауырсынуды басу, қолданудан кейінгі болатын кері әсерлеріне баға беру.

**Зерттеу материалдары, әдістері:** Қ.А. Ясауи атындағы клиника-диагностика орталығында 2013 – 2014 жыл аралығында буындардың протезделуіне қатысты барлығы 23 ота жасалған; 12 науқасқа тізе буының тотальді протезделуі отасы, 11 науқасқа жамбас буының протезделуі ота жасалды.


Науқастар 2 топқа бөліп қарастырылды.

1 топ науқастарға эпидуральді кеңістікке катетер арқылы бупивакаин 0,12% 6-5-4 мг/сағ ерітіндісі қолданылса, 2 топтағы науқастарға наропин 0,2% 5-4-2 мг/сағ «Samtronic» инфузаматы арқылы енгізілді.

**Алынған нәтижелер және ұйғарым:** Отадан кейінгі ауырсынуды болдырмаудың тиімділігі визуальді аналогты көрсеткіштің ВАК (ВАШ) 10 балдық жүйесімен бағаланды. 2 топтың көрсеткіші алғашқы 6 сағатта ВАК көрсеткіші бойынша 4-5 аралығында болды. Осыған сәйкес 1 топтағы науқастарда анестетикті енгізу жылдамдығын 5-6 мг/сағ дейін жоғарлату қажет болды. Ол өз кезегінде брадикардия, гипотензиялық гемодинамиканың тұрақсыздығын шақырумен қатар локсу, бас ауыруы секілді токсикалық кері

әсерлерді шақырды. Отадан кейін 12 сағатта ВАК көрсеткіші 3 тен аспады. Анастетиктерді енгізу жылдамдығын 4-5 мг/сағ төмендетіп, токсикалық әсерлерді азайтуға мүмкіндік берді. 24 сағат аралығында ВАК көрсеткіші 1-2 аралығында болды.

Ал 2 топтағы науқастарда алғашқы 6 сағатта наропин 2% - 20 мл ерітіндісі 4 мг/сағ енгізілді. Бақылау барысында ВАК көрсеткіші 3 тен аспады және қосымша токсикалық әсерлер байқалмады. 12 сағатта анестетик мөлшерін 2мг/сағ төмендетілді, ВАК көрсеткіші 1-2 сәйкес болды.



**Қорытынды:** алынған нәтижелер травматологияда буындардың протезделуі оталарынан кейінгі кезеңдегі ауырсынуды басу мақсатында эпидуральді кеңістікке катетер арқылы наропин 0,2% ерітіндісін қолдану тиімді, кері токсикалық әсерлерінің төмен екендігін көрсетеді.

**Негізгі сөздер:** бупивакаин, наропин, эпидуральді анальгезия.

**Хабарласу үшін:** Рысбеков Ұлан Мұсаулы, Қ.А. Ясауи атындағы халықаралық Қазақ – Түрік университетінің клиника – диагностика орталығы. Дәрігер анестезиолог - реаниматолог Түркістан қ., Б. Саттарханов к., 29, индекс 161200. E-mail: ulan8787@mail.ru

**Contacts:** Ulan M. Rysbekov, Clinical and Diagnostic Center of the International Kazakh-Turkish University n.a. H.A.Yassaui. Doktor Anesthesiologist-resuscitator. Turkestan c., B. Sattarkhan str., 29, index 161200. E-mail: ulan8787@mail.ru